



**Alpamys**  
mектеп · school · школа

# ALPAMYS SCHOOL

---

ОҚУШЫСЫНЫҢ

# АНЫҚТАМАЛЫҒЫ



STUDENT HANDBOOK

Астана

## **ALPAMYS SCHOOL-ға**

---

# **қош келдіңіз**

**Қымбатты дос!**

**Сенің Алпамыс мектебінің шәкірті атанып,  
біздің бірлігі бекем, үлкен отбасымыздың  
мүшесі болғаныңа қуаныштымыз!  
Сен, сенің оқуға деген талабың, тың  
идеяларың мен бойыңдағы дарының  
мектебімізді жақсартта түсетініне  
сенімдіміз.**

Қолыңа алған Анықтамалық сені мектебіміздің маңызды ережелерімен, негізгі ұстанымдарымен таныстырады. Сондай-ақ, шығармашылықты, көшбасшылық дағдыларды және пәндерді терең түсінуді дамытуға бағытталған мектеп философиясы жайлы біле аласың.

Жаңа ортаға тез бейімделу үшін көмек пен қолдау сұраудан тартынба. Alpamys school ұсынатын барлық мүмкіндіктерді барынша пайдалана біл. Мұнда сені түрлі жобалар, қызықты іс-шаралар және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері күтеді. Мектеп өмірінің белсенді қатысушысы бол.

Кел, бірге жақсылыққа, жарқын болашаққа ұмтылайық, жаңа белестерді бірге бағындырып, жетістіктерге жетейік!

ізгі ниетпен, Мейрам Жакенов,  
Alpamys School директоры





**Alpamys**  
мектеп · school · школа



# ҰСТАНЫМ

---

# МИССИЯ

## ҰСТАНЫМ

Біздің Alpamys School мектебі - оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді ортақ мақсатқа біріктіретін бірегей қауымдастық. Біз үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін бір-бірімізді үнемі қолдаймыз, шығармашылыққа шабыттандырамыз және жаңа жеңістерге ынталандырамыз.

Алпамыс мектебінде жаһандық азаматтықтың төрт қағидасы білім мен тәрбие үрдісінде ұтымды үйлесімін тапқан:

- Барлық адамдарды құрметпен қабылдау;
- Мұқтаждарға көмектесу;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Бейбітшілік үшін қызмет ету.

## МЕКТЕП МИССИЯСЫ

Әр оқушы шабыттанатын, өзінің әлеуетін барынша аша алатын және заман талаптарын жауапты азамат тұрғысынан қабылдайтын білім ортасын құру.

## МЕКТЕП ҰРАНЫ

«САМҒАР ҚАНАТЫҢДЫ БҮГІН ШЫҢДА»

«БҮГІН ЖӘНЕ ҚАЗІР ӘРЕКЕТ ЕТ,  
БОЛЖАЙ БІЛ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛ»



**Alpamys**  
mектеп · school · школа




# БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Алпамыс мектебінің құндылықтары барлық іс-әрекетті жүзеге асыруда басшылыққа алатын практикалық нұсқаулық болып табылады.

Құндылықтар – біздің мінез-құлқымызды, оқу процесіне көзқарасымызды және бір-бірімізге деген қатынасымызды анықтайды.

- ЖАУАПКЕРШІЛІК
- СЫЙЛАСТЫҚ, ҚҰРМЕТ
- АДАЛДЫҚ
- КӨШБАСШЫЛЫҚ
- ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ
- АШЫҚТЫҚ
- ЖАЙЛЫЛЫҚ



## МЕКТЕПТИҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН БІЛУ ЖӘНЕ САҚТАУ ӨЗІҢДІ ЖАҚСARTУҒА, ӨМІРДЕ ТАБЫСТЫ БОЛУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

### ЖАУАПКЕРШІЛІК

Өзіңнің әрекеттерің мен олардың салдары үшін жауап бер

### СЫЙЛАСТЫҚ, ҚҰРМЕТ

Өзіңді, ата-баба мұрасын және табиғатты құрметте

### АДАЛДЫҚ

Барлық істеріңде шынайы және адал бол

### ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

Жаңа мүмкіндіктер мен идеяларға ашық бол

### ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ


Әртүрлілікті құрметте және басқа адамдардың сезімдері мен құқықтарын ескер.

### ЖАЙЛЫЛЫҚ

Үйлесімділікке ұмтыл және өзіңді әрдайым бақылауда ұста.

### КӨШБАСШЫЛЫҚ

Көшбасшы дағдыларын дамыт, мақсат қой және сол мақсатыңнан адаспа.



## Мектеп тарихындағы

---

# ЕЛЕУЛІ ОҚИҒАЛАР

### 1 маусым 2018 жыл

Alpamys School-дың ресми ашылуы.  
Мектептің негізін қалаушы -  
Джаксалыков Дамир Ерболұлы.

### 11 қараша 2021 жыл

1008 оқушыға арналған жаңа мектеп  
ғимараты пайдалануға берілді -  
Астана қаласы, Нұра ауданы,  
Қабанбай батыр даңғылы 49/2.



### желтоқсан 2023 жыл



Алпамыс мектебі Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS) қатарына қосылды. Халықаралық білім беру қауымдастығының мүшесі бола отырып, мектеп CIS оқытушылары мен сарапшыларының жаһандық командасының барлық бағдарламалары мен қолдауына қол жеткізе алады.

## Мектеп тарихындағы

---

# ЕЛЕУЛІ ОҚИҒАЛАР

### қараша 2023 жыл

Alpamys School Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартының мүшелігіне өтті (UN Global Compact).



Мүшелік біздің мектептің тұрақты даму және әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын ұстанатынын растайды.



2015 жылы БҰҰ біздің күш-жігерімізді бағыттауға көмектесетін 17 тұрақты даму мақсатын ұсынды. Олардың қатарында:

- Кедейлікпен күрес
- Сапалы білім
- Денсаулық және әл-ауқат
- Таза су және санитарлық тазалық
- Таза энергия

Әлемнің әр бөлігінде әртүрлі мақсаттар өзекті, алайда олардың барлығы әлемімізді жақсарту үшін аса маңызды.

Бұл мақсаттар планетаға зиян келтірмей жақсы өмір сүру үшін не істеуіміз қажет екенін түсінуге көмектеседі.

## МЕКТЕП

# ЛОГОТИПИ

Алпамыс мектебінің логотипі бірегей таңбадан тұрады.

Логотип «Алпамыс» аббревиатурасына негізделген. Ашық кітап үстінде ғылымға ашылған есік сипатында “А” әріпі берілген. Ашық кітап білім әлемінде оқу мен өзін-өзі дамытудың шексіз мүмкіндіктерін ашатын сенімді серік, таптырмас көмекші екенін білдіреді.



## Түстердің үйлесуі

Логотип дизайнында негізгі түстер ретінде қанық жасыл және қанық сары түстер алынған.

Жасыл түс өмір мен жаңарудың символы ретінде таңдалған.

Ол өсуге, өзін-өзі дамытуға шабыттандырады және қауіпсіздік пен қамқорлық сезімін тудырады.

Логотиптегі қызғылт сары түс жылу мен қуатты, қуанышты бейнелейді.

# ЖАЙЛЫ орта



## ЖАЙЛЫ МЕКТЕП: ҚАУІПСІЗ ОРТА, ЖАҢА МҮМКІНДІК

Мектептің жалпы аумағы: 28 000 м<sup>2</sup>.



- 3 спорт залы
- 2 бассейн
- Құзға өрмелеу қабырғасы
- Интерактивті тақталармен, оқу зертханаларымен жабдықталған пән кабинеттері
- Кітапхана
- 420 көрерменге арналған акт залы
- 700 орындық асхана
- Hub - инженерлік-техникалық дағдыларды дамытуға, шығармашылық жобаларды іске асыруға арналған алаңдар
- Психологиялық қызмет
- Медициналық қызмет
- Мектеп аумағындағы жалпы қауіпсіздік: күзет, бейнебақылау жүйелері және Face Control режимінің көмегімен бөгде адамдардың мектеп аумағына кіруін шектеу.




**Alpamys**  
mektep · school · школа

# МЕКТЕП ФОРМАСЫ

Барлық оқушылар мектепте және сабақтан тыс өтетін іс-шараларда мектеп формасын киюге міндетті. Сүйіспеншілікпен тігілген мектеп формасын мақтанышпен кие отырып, әрбір оқушы теңдік пен сыйластықты сезінетін оқу ортасын құруға ықпал етеді.

ЭСТЕТИКА ЖӘНЕ СТИЛЬ,  
ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ ПЕН  
ҚОНЫМДЫЛЫҚ –  
Alpamys School  
формасының негізгі  
көрсеткіштері.

Мектеп формасының  
жиынтығы:  
тенниска-поло  
юбка  
слаксы шалбар  
сарафан  
футболка  
бомбер  
спорттық костюм:  
трико және футболка



# МЕКТЕПТЕГІ дресс-код



**Біз мектебіміздің беделін жоғары бағалаймыз, Alpamys School имиджіне сен де кір келтірмейді деп сенеміз**

Алпамыс мектебі жалпы қабылданған нормаларды: іскерлік стиль, ұқыпты қырқылған, жиналған шаш үлгісі және киімдегі "зайырлы сипатты" ұстанады. Шашты ашық түстерге бояу, экстравагантты шаш үлгілерін жасау мектепте орынсыз саналады.

## **Қатаң тыйым салынады**



- Кез-келген көріністегі діни киім
- Ашық макияж және ірі әшекей бұйымдар, сондай-ақ, жастар субмәдениеттерінің атрибуттары
- Сонымен қатар, мектепте татуировка мен пирсингке тыйым салынған.

Мектеп дресс-кодында биік өкшелі аяқ киім дұрыс саналмайды. Бұл бірнеше себептерге байланысты:  
 Қауіпсіздік  
 Жайлылық  
 Ыңғайлылық

# АКАДЕМИЯЛЫҚ

## саясат

Мектептің академиялық саясаты - бұл білім беру процесі мен оқушылардың тәртібін реттейтін ережелер, нормалар мен процедуралардың жиынтығы.

Ол әртүрлі аспектілерді қамтиды:

1. **Академиялық адалдық:** плагиатқа тыйым салу, емтихан кезіндегі алаяқтық және академиялық этиканы бұзудың басқа түрлеріне, оқудағы адал мінез-құлыққа қатысты ережелер.
2. **Бағалау:** оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау критерийлері мен әдістерін анықтайтын саясат.
3. **Сабақтан қалмау және қатысу:** сабақтан қалмауға және оған белсенді қатысуға қойылатын талаптар.
4. **Мұғалімдердің міндеттері:** оқыту стандарттары, жұмысты бағалау критерийлері және қызметтің басқа аспектілері.
5. **Оқушылардың құқықтары мен міндеттері:** сапалы білім алу құқығы, сондай-ақ, оқу орнының ережелері мен нормаларын сақтау жауапкершілігі.
6. **Апелляциялар мен шағымдар:** оқушыларға алған бағаларына шағымдануға немесе мұғалімдермен, академиялық ортаның басқа қатысушыларымен туындаған дауды шешуге мүмкіндік беретін процедуралар.



# АКАДЕМИЯЛЫҚ

---

## саясат



## Alpatmys School оқушыларының міндеттері:

### **Білім алу үрдісіне белсенді қатысу:**

Оқушылар оқу процесінде белсенді болуға, пәндерге қызығушылық танытуға, сұрақтар қоюға және сыныптағы пікірталастарға қатысуға міндетті.

### **Өзіндік жұмыс:**

Оқушылар сабаққа өз бетінше дайындалып, өткен материалды үнемі қайталап, үй тапсырмасын орындап, жобаларға қатысуы керек.

### **Оқу тәртібін сақтау:**

Оқушылар оқу ережелерін сақтауға, сабаққа уақытында келуге, оқу материалдарын ұқыпты рәсімдеуге және құрбы-құрдастары мен мұғалімдерін құрметтеуге міндетті.

### **Басқалардың құқықтары мен пікірлерін құрметтеу:**

Оқушылар сыныптастары мен оқытушыларының пікірін бағалап, сыныпта бір-біріне құрмет пен қолдау көрсететін жағымды жағдай жасауы керек.

### **Қосымша іс-шараларға қатысу:**

Сыныптан тыс іс-шараларға, спорт секцияларына, ғылыми жобаларға және басқа да білім беру, мәдени іс-шараларға белсенді қатысу білім беру процесінің маңызды талабы болып табылады.

# АКАДЕМИЯЛЫҚ

---

## саясат



### САБАҚҚА КЕЛМЕУ ЖӘНЕ КЕШІГУ ТУРАЛЫ

Оқушы сабақтан қалмауға міндетті. Сабаққа 30 минут кешігу немесе мүлдем келмеу сабаққа қатыспау болып саналады.

Оқушылардың сабаққа қатысу есебін сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері жүргізеді. Бұл деректер "Kundelik.kz" ақпараттық жүйесінде тіркеледі. Тоқсан сайын сабаққа қатысу туралы мәліметтер ұлттық білім беру деректер базасына енгізіледі.

Себепсіз сабақтан қалу, сабаққа кешігу мектеп Жарғысын бұзу болып табылады. Сабаққа себепсіз қатыспаған жағдайда оқушыға ықпал ету шаралары қабылданады.

Оқушының себепсіз жүйелі түрде сабаққа қатыспағаны үшін ата-аналарға "Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру жөніндегі міндеттерді орындамау" әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің 127-бабы бойынша жаза тағайындалады.

Сабаққа қатыспаудың дәлелді себебі - ауырып қалған жағдайда оқу бөліміне медициналық анықтама өткізу қажет. Немесе жанұя жағдайлары (жақындарының ауруы, жол жүру қажеттілігі, спорттық жарыстарға, конкурсқа қатысу үшін оқу бөліміне хабарлау және сабақтан босатуға рұқсат алу қажет).

Қатыспаған сабақтарды өтеу

Сабаққа қатыспау себебіне қарамастан, оқушы жіберіп алған теориялық материалды дербес оқып, ФБ тапсыруға міндетті.

# АКАДЕМИЯЛЫҚ

## саясат

Оқытуды ұйымдастыру нысандары:

- Сабақ
- Практикалық сабақтар
- Зертханалық жұмыс
- Шығармашылық жоба қорғау
- Ғылыми-көпшілік әдебиеттермен дербес жұмыс
- Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу
- Қашықтан оқыту
- Жеке кеңестер
- Танымдық жорықтар
- Дәрістер
- Үй тапсырмасын орындау



## АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Оқушылар:

- академиялық адалдық ережелері мен оларды бұзу салдарын білуге;
- бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдықты мүлтіксіз сақтауға;
- жоба, ғылыми-зерттеу жұмыстарының соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсетуге;
- тек сенімді және шынайы ақпарат көздерін пайдалануға;
- басқа оқушыларға орындалған, бағаланатын жұмысты көшіруге ұсынбауға міндетті.

# АКАДЕМИЯЛЫҚ

## саясат

### ПЛАГИАТ

Мектепте дайын ғылыми жобаларды, эсселерді пайдалануға және оларды өзіңнің атыңнан (плагиат) ұсынуға тыйым салынады.

Басқа адамдардың еңбектері қолданылған жағдайда, түпнұсқаға сілтеме жасау керек.

### АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУ ТҮРЛЕРІ

- Сөз байласу - басқа оқушы үшін бағаланатын кез келген жұмысты орындау;
- Алдау - басқа оқушы орындаған бағаланатын жұмысты көшіріп алу, бағаланып қойған жұмысты қайта тапсыру;
- Бағаланатын жұмыстардың жауаптарын адал емес жолмен біліп алу;
- Ақпаратты немесе электрондық құрылғыларды заңсыз пайдалану: бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде нормативтік актілермен пайдалануға тыйым салынған электрондық, цифрлық, қағаз жеткізгіштерді, техникалық құрылғыларда пайдалану;
- Тапсырма жауаптарын бағалау нәтижелерін, бағаларды жөндеу.



# Тәртіптік жауапкершілік



Біздің мектепте Alpatmys school оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережелері қабылданған.

## Егер оқушылардың бірі тәртіп ережелерін бұзса не болады?

Егер оқушы ережені бірінші рет бұзса және тәртіп бұзушылық елеулі немесе ауыр дәрежеде болмаса (бұл ішкі ережелерде толықтай көрсетілген), онда ол сынып жетекшісінен немесе директордың орынбасарынан, мүмкін, директордың өзінен ескерту алады.

**Ескерту:** тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда оқушыға жазбаша ескерту жасалады.

**Ата-аналарды шақыру:** тәртіп бұзушылық бірнеше рет орын алса оқушы мен оның ата-анасы мектеп әкімшілігіне сөйлесуге шақырылады.

**Мектептен шығару:** өрескел және жүйелі тәртіп бұзушылықтар жасап, шектен шыққан, себепсіз 10 оқу күннен аса сабаққа келмеген оқушыны мектептен шығару мәселесі Педагогикалық Кеңесте қарастырылады.

# ішкі күн тәртібі

---

## ЕРЕЖЕЛЕРІ



**Алпамыс мектебінде оқушының келесі әрекеттеріне қатаң тыйым салынады:**

**Зорлық-зомбылық және агрессия:**

- Физикалық зорлық-зомбылық (төбелес, ұрып-соғу және т.б.).
- Психологиялық зорлық-зомбылық (қорқыту, қорлау, жәбірлеу).

**Тыйым салынған заттарды қолдану және тарату:**

- Есірткі, ішімдік және темекі өнімдері.
- Энергетикалық сусындар.

**Қауіп төндіретін, шаншатын, кесетін өткір заттарды алып жүру:**

- Суық қару (пышақтар, кездіктер, мылтық және т.б.).
- Жарылғыш заттар (отшашулар, газ баллондар).

**Тәртіпті бұзу:**

- Себепсіз сабаққа келмеу.
- Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлеріне бағынбау.
- Себепсіз кешігу.

**Гаджеттерді рұқсатсыз пайдалану:**

- Сабақта ұялы телефондар, планшеттер және басқа электрондық құрылғыларды қолдану.

**Вандализм:**

- Мектеп мүлкін бүлдіру (жиһаздар, құрал-жабдық, кітаптар және т.б.).

**Оқушылар мен қызметкерлерге қатысты орынсыз мінез-құлық:**

- Қорлау, кемсіту

**Интернетте тыйым салынған әрекеттер:**

- Кибербуллинг
- Ақпаратты заңсыз жүктеу және тарату.

# Мобильді құрылғыларды пайдалану

## ЕРЕЖЕСІ



Қазақстан мектептерінде сабақ кезінде оқушылардың смартфондарды пайдалануына заңнамалық тыйым салынған. Қауіпсіз және тиімді оқу ортасын қамтамасыз етуге жауапты білім беру мекемесі ретінде Alpamyс мектебінде де электронды құрылғыларды пайдалану реті белгіленген.



Оқу процесі кезінде телефондарды рұқсатсыз пайдалану оқушылардың назарын аударып, оқуына кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, электронды құрылғылардағы камералар мен бейнежазбаларға қол жеткізу оқушыларды және олардың жеке деректерін қорғау жүйесіне де қауіп төндіреді.

**Мобильді құрылғыларды заңсыз пайдалануға қатаң тыйым салынады, соның ішінде:**

- Алдау: жазылып алынған немесе көшірілген тест/емтихан сұрақтарын беру.
- Әдепсіз материалдарды: ұятты фото, аудио және бейне файлдарды жариялау.
- Орынсыз қоңыраулар: басқа оқушыларға немесе мектеп қызметкерлеріне орынсыз қоңырау шалу.
- Жалған ақпаратты тарату немесе тыйым салынған веб-сайттарды насихаттау.
- Кибербуллинг: мектеп қауымдастығының кез-келген мүшесін қорлау, жәбірлеу /бопсалау мақсатында бейнематериалдар немесе фотосуреттер түсіру және оларды әлеуметтік желілерге жүктеу, әртүрлі мессенджерлер арқылы тарату.

# Академиялық күнтізбе

Оқу жылының басталу және аяқталу мерзімі:  
2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап  
2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда  
- 33 оқу аптасы,  
2-11-сыныптарда-34 оқу аптасы.

## Оқушыларға арналған демалыс күнтізбесі 2025/2026



**Күзгі демалыс** – 7 күн-2025 жылғы  
27 қазаннан 2 қарашаға дейін қоса алғанда;

**Қысқы демалыс** - 10 күн- 2025 жылғы  
29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы  
7 қаңтарды қоса алғанда;

**Көктемгі демалыс** - 11 күн - 2026 жылғы  
19-29 наурыз аралығында;

**Жазғы демалыс** - 98 күн - 26 мамырдан  
31 тамызға дейін.

**Бірінші сыныптарда қосымша демалыс** - 7 күн – 2026 жылғы  
9-15 ақпан аралығында.

## ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ



Алпамыс мектебінде сенің оқудағы жетістіктерің белгіленген критерийлерге сәйкес бағаланады, сондықтан мұндай бағалау "критериалды" деп аталады.

Критериалды жүйенің негізгі компоненттері **ФОРМАТИВТІ (ФБ)** және **ЖИЫНТЫҚ бағалау (ЖБ)** болып табылады.

**Формативті бағалау** – критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементі. Жиынтық бағалаудың нәтижесі формативті бағалаудың қалай ұйымдастырылғанына байланысты. ФБ білім алушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін анықтайды, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқу мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік береді.

**Жиынтық бағалау** – оқу бағдарламасының бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін, оқу тоқсанының соңында білім алушылардың білімді игеру деңгейін және дағдыларын қалыптастыруды айқындайтын бағалау. Ағымдағы бақылау кезінде қойылған балдар мен бағалар мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға белгілі бір кезеңдегі оқу үлгерімі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

### **Электрондық журналда:**

- әрбір бөлім бойынша алынған жиынтық жұмыс үшін балл (БЖБ);
- тоқсандағы жиынтық бағалау үшін балл (ТЖБ);
- оқу жылы бойынша бағалау;
- сабаққа қатысу туралы белгі қойылады.

## МЕКТЕПТЕГІ

### БІР КҮН



8.00	Оқу күнінің басталуы
8.15	Таңғы ас
8.40	Сабақ
11.00	Екінші таңғы ас
11.20	Сабақ
13.00	Түскі асқа үзіліс
13.40	Сабақ
14.25	Таза ауада серуендеу
15.30	Қызығушылық бойынша сабақтар
16.20	Бесін ас
16.30	Үй тапсырмасын орындау
18.00	Оқу күнінің аяқталуы



## МЕКТЕП АСХАНАСЫНЫҢ **ЖҰМЫС КЕСТЕСІ**

Салауатты өмір сүру салтының бір қағидасы – дұрыс тамақтану. Алпамыс мектебінде оқушылардың тиімді білім алуына ықпал ететін төрт рет тамақтану қарастырылған. Мектепте оқушылардың денсаулығына үлкен мән беріледі. Дұрыс тамақтану принциптерін насихаттай отырып, мектеп асханасы әртүрлі тағамдар мен пайдалы ингредиенттерге бай ас мәзірін жасауға тырысады.

### **1-3 сынып оқушыларының асханаға бару кестесі**

8:15 - 8:35 Таңғы ас  
11:00 - 11:20 2-ші таңғы ас  
12:55 - 13:35 Түскі ас  
15:55 - 16:20 Бесін ас

### **4-11 сынып оқушыларының асханаға бару кестесі**

9:25 - 10:05 Таңғы ас  
12:10 - 12:50 2-ші таңғы ас  
14:25 - 14:55 Түскі ас  
17:00 - 17:15 Бесін ас

## мектеп

# АСХАНАСЫНДА



### **ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН АС МӘЗІРІ:**

Ас мәзірі азық-түліктердегі негізгі нәрлі заттар: ақуыздар, көмірсулар, майлар, витаминдер мен минералдар комбинациясы қамтылатындай етіп жасалған.

### **ДИЕТАЛЫҚ ОПЦИЯЛАР:**

Сұраныс бойынша аллергиясы бар немесе арнайы диета ұстанатын оқушыларға бөлек тағамдар ұсынылады.

### **КҮНДЕЛІКТІ ӨЗГЕРІС:**

Оқушылар әртүрлі және қоректілігі күшті, нәрлі тағамдар қабылдауы үшін ас мәзірі күн сайын өзгереді.

### **ЖАҢА ЖӘНЕ САПАЛЫ ӨНІМДЕР:**

Ас дайындауда қауіпсіздік стандарттарына сәйкес, тексерілген, жаңадан өндірілген және сапалы өнімдер ғана қолданылады.

### **ПАЙДАЛЫ ТІСКЕБАСАРЛАР:**

Мәзірге жемістер, йогурттар және кептірілген жемістер сияқты пайдалы тіскебасарлар қосылған.

### **ГИГИЕНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК:**

Тағамды дайындау және тамақтандыру кезінде санитарлық нормалар мен ережелер қатаң сақталады.

# Alpamyrs School түлегінің

## моделі



Алпамыс мектебін бітіретін түлектер - өз мақсаттары мен міндеттерін білетін, өздеріне сенімді, белсенділігімен ерекшеленетін жастар. Келешекте қандай мамандық иесі боларына, немен айналасуға шешім қабылдағанына қарамастан, мектеп түлектердің отбасы мен қоғамдағы өз рөлін айқын түсінетініне, айналасындағы әлемді өзгертуге қабілетті боларына және өз іс-әрекеттері үшін жауап бере алатынына сенеді.

**Осындай түлек болу үшін сен де өзіңде келесі құзыреттер мен қасиеттерді дамытуың маңызды...**

### **АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР:**

Негізгі пәндерді меңгеру.

Сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларды шешу қабілеті.

Сандық сауаттылық негіздері.

### **ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫ:**

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тиімді меңгеру.

Тыңдау және дәлелдеу дағдылары.

### **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІ:**

Шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.

Стандартты емес шешімдерді таба білу.

Өнерге, әдебиетке, музыкаға қызығушылық таныту.

### **ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:**

Заманауи технологиялармен жұмыс істей білу.

Бағдарламалау және сандық қауіпсіздік негіздерін меңгеру.

# Alpatmys School түлегінің моделі



## **ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ ТҰРАДЫ ҚАБІЛЕТІ:**

Мақсат қоя білу және өзінің даму жолын жоспарлау.  
Өз бетінше білім алу және ақпаратты іздей білу мүмкіндігі.  
Өзін-өзі бақылау және өзіндік рефлексия дағдыларын дамыту.

## **ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАР:**

Командада жұмыс істей білу біліктілігі.  
Мәдени әртүрлілікті түсіну және айырмашылықтарды құрметтеу.  
Дау, жанжалды шешу және эмоционалды интеллект дағдылары.

## **СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ӘДЕТТЕРІ:**

Дене белсенділігі мен салауатты өмір салтының маңыздылығын білу.  
Спорттық іс-шараларға қатысу және өз денсаулығын сақтау, күту.

## **АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК:**

Өз құқықтары мен міндеттерін түсіну.  
Қоғамдық өмірге және еріктілер қызметіне белсене қатысу.

**Түлек Моделі - бұл Alpatmys School мектебін бітіретін жастардың бойында болуы тиіс қасиеттер кешені.**

**Моделі биік шыңдарды бағындыруға бағыттайтын карта сияқты.**

**Осы карта жетістік пен табысқа апаратын жолда сені адастырмайтын адал жолсерігің болсын!**



# **КІМНІҢ КІМ**

---

## екенін біле жүр

**Егер сенде сұрақтар болса,  
қиындықтар немесе проблемалар  
мазаласа, мектеп әкімшілігінің кез  
келген мүшесіне хабарласудан  
тартынба.  
Олар әрқашан жағдайды түсінуге  
және оңтайлы шешім табуға  
саған көмектесуге дайын.**



### **Мейрам Әміржанұлы Жәкенов**

Мектеп директоры.  
Мектеп қызметінің барлық аспектілерін жедел  
басқаруды қамтамасыз етеді.



### **Рамазан Жаншәріпұлы Оспан**

Директордың орынбасары. Пән мұғалімдерінің  
әдістемелік қызметін бағыттайды.  
Пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар  
жарыстарын өткізуді үйлестіреді.



### **Данияр Ардақұлы Болатов**

Директордың орынбасары. Білім беру  
бағдарламаларының орындалуын, білім  
алушылардың оқу жүктемесін, сабақтар мен  
қосымша оқу сабақтарының, курстардың кестесін  
бақылауды жүзеге асырады.

# КІМНІҢ КІМ екенін біле жүр



## **Эльмира Қуатбекқызы Иманбекова**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Сынып жетекшілері, психолог және қосымша білім беру педагогтарының жұмысын үйлестіреді. Оқу-тәрбие үрдісін, қосымша білім беру жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.



## **Косова Галина Павловна**

Әдіскер. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқытудың әдістерін зерделейді және дамытады.



## **Арман Канатбекұлы**

Кәсіби бағдар бойынша кеңесші. Болашақ мамандықты таңдау бойынша кеңес береді, кәсіп таңдау бойынша түрлі іс-шараларды ұйымдастырады.

# КІМНІҢ КІМ екенін біле жүр



## **Игорь Александрович Тен**

Әдіскер. Гуманитарлық пәндерді оқыту әдістерін зерттейді және дамытады, жаңа технологиялардың сапалы жүзеге асырылуына жауапты.



## **Әлия Мейрамқызы Көбеева**

Әдіскер. Тәрбие процесіне инновациялық тәсілдерді енгізуді қамтамасыз етеді. Мектептің тәрбие жұмысын дамыту стратегиясын анықтайды. Мектептегі іс-шаралар кешенін ұйымдастырады.



## **Дәурен Сапарұлы Мустафинов**

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі инженер. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша іс-шаралар ұйымдастырады, мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

# КІМНІҢ КІМ екенін біле жүр

## Қай кезде мектеп психологынан кеңес алу керек?

1. Оқудағы қиындықтар
2. Сыныптағы қатынастар
3. Ата-аналармен қарым-қатынас
4. Мазасыздық пен уайым басу
5. Өзін-өзі дамыту



**Алеева Ольга  
Викторовна**

Педагог-психолог  
кабинет №100



**Иманбаева Динара  
Кенжебековна**

Педагог-психолог  
кабинет №100

Сенім телефоны  
Alpamys School:  
**+7 707 851 7773**



**Егер сенде проблемалар туындаса, қиын жағдайда жалғыз қалма, көмек алу үшін мектептің сенім телефонына хабарлас.**

# **КІМНІҢ КІМ**

---

## екенін біле жүр

### **Мектептің медициналық қызметіне қашан жүгіну қажет?**

---

Егер сен өзінді нашар сезінсең, жарақат алсаң, аллергиялық реакциялар пайда болса, шұғыл түрде мектептің медициналық қызметіне хабарласу керек



**Нурекенова Айбарша Агзашевна**

Балалар дәрігері  
кабинет №130



**Жанайхан Жаукар**

Медбике  
кабинет №130



**Алимкулова Айгүл Жақанқызы**

Диетбике  
кабинет №129

Медициналық қызмет орталығына уақытылы жүгіну асқынуды болдырмауға және қажетті көмекті дер кезінде алуға көмектеседі.

# АКАДЕМИЯЛЫҚ саясат



## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ**

Алпамыс мектебінің оқушылары жобалар жасауға, ғылыми зерттеулер жүргізуге белсенді қатысады:

### **ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР:**

Біздің оқушылар ана тілінен бастап ақпараттық технологияларға дейінгі әртүрлі пәндер бойынша зерттеулер жүргізеді.

### **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБАЛАР:**

Біз оқушыларымыздың шығармашылық әлеуетін қолдаймыз және дамытамыз, оларға өз идеяларын өнер мен дизайнның әртүрлі формалары арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береміз.

### **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР:**

Біз қоршаған ортаны қорғауға ұмтыламыз және оқушыларды экологиялық мәселелерді зерттеуге және шешуге бағытталған жобаларға тартамыз.

### **МЕКТЕП КОНКУРСТАРЫ:**

- Мектептегі ғылыми жобалар байқауы (қазан-желтоқсан)
- Идеялар жәрмеңкесі (қаңтар)
- "Титандар шайқасы" құрастырылған машиналар жарысы (ақпан)
- Қағаз ұшақтарын ұшыру чемпионаты (сәуір)
- Экологиялық жобалар байқауы (қыркүйек-мамыр)

# ЖАҢАЛЫҚ АШУ ЖОЛЫНДА

жас зерттеушілерге  
арналған жадынама

## **Зерттеу тақырыбын таңда:**

Өзіңді қызықтыратын оқу пәндерімен  
байланысты тақырыпты таңда.

## **Зерттеу мақсатын анықта:**

Өзіңе сұрақ қой, сен өз зерттеуің арқылы нені  
анықтағың немесе нені дәлелдегің келеді.

## **Ойлан, қандай сұрақтардың жауабы саған зерттеу тақырыбын ашуға көмектеседі:**

Зерттеу барысында жауап тапқың келетін негізгі сұрақтарды  
тұжырымда.

## **Өз болжамдарыңды (гипотезалар) жаса:**

Зерттеу барысында не болуы мүмкін деп ойлайсың, зерттеуден қандай  
нәтиже күтесің.

## **Қойылған сұрақтарға қалай және қайдан жауап іздейтініңді анықта:**

зерттеу әдістерін таңда: сұхбат, сауалнама, әдебиеттерді талдау,  
эксперименттер жасау және т.б.

Ақпарат көздерін анықта: кітаптар, мақалалар, ғаламтор, зерттеу  
саласындағы сарапшылар және т.б.



# ЖАҢАЛЫҚ АШУ ЖОЛЫНДА

жас зерттеушілерге  
арналған жадынама



## **Әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жаса, өз сұрақтарыңа жауап тап:**

Әр түрлі көздерден жиналған ақпаратты талда.  
Ақпараттың шынайлығы мен өзектілігіне назар аудар.

## **Қорытынды жаса:**

Алынған нәтижелерді сипатта және жүргізілген зерттеу негізінде қорытынды жаса.

## **Өз жұмысыңның нәтижелерін рәсімде:**

Құрылымды (кіріспе, зерттеу әдістемесі, нәтижелер, қорытындылар) қолдана отырып, орындалған жұмыс туралы есеп дайында.  
Зерттеу таныстырылымы үшін қысқаша баяндама әзірле:  
Зерттеудің негізгі ойлары мен алынған нәтижелерді бөліп көрсет.  
Аудитория алдында сөйлейтін сөзіңнің қысқаша мазмұнын дайындап ал.

Зерттеу жұмысы шыдамдылықты, жүйелілікті және зерттелетін тақырыпқа қызығушылықты қажет ететінін ұмытпа.

# ҚАЛАЙ

## ОЛИМПИАДАШЫ

---

# БОЛУҒА БОЛАДЫ

ЖЕҢІМПАЗ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕРГЕ  
АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР

Пәндік олимпиадаға қалай дұрыс  
дайындалу керектігі туралы пайдалы  
кеңестер:

1. Дайындықты ертерек бастаған жөн, резервте 7-8 ай болғаны жақсы;
2. Өз мүмкіндігіңді, шамаңның неге жететінін дұрыс бағала, бар күшіңді бір олимпиадаға шоғырландыр, бірнеше пәнге қатар дайындалу жақсы нәтиже бере қоймайды.
3. Таным көкжиегін барлық мүмкін жолдармен кеңейтуге ұмтыл: оқулықтармен қатар ғылыми мақалаларды, сала сарапшыларының еңбектерін оқы, жаңалықтарды қадағала, YouTube-тегі ғылыми-зерттеу, деректі фильмдер мен бейнетаспаларды көр, танымдық фильмдерді тамашала.
4. Түсінікті болатындай етіп, анық әрі көркем жазуға тырыс. Егер жұмысыңды тексеруші сенің жазған жауаптарыңды түсінбесе, ұпай санын кемітуі мүмкін.
5. Сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратты талдауға және сұрақтардың тұжырымдамасын мұқият оқуға үйрен. Жауап жазбас бұрын немесе есепті шығармай тұрып, тапсырмада сенен нақты не талап етілетінін біліп ал.



# ҚАЛАЙ

## ОЛИМПИАДАШЫ

---

## БОЛУҒА БОЛАДЫ



Қалыптан тыс ойлауды үйрен. Олимпиадалық тапсырмалар шаблондық емес, олардың көпшілігі сабақтас пәндерді білуді немесе бірнеше шешімді талап етеді.

Дайындық үшін күнделікті сабақтағы қарапайым тапсырмалар жинағын емес, қызықты логикалық есептер немесе күрделі комбинаторлық есептер жинағын қолданғаның дұрыс.

Іс-әрекетіңді кезектестіре біл. Олимпиада – әрине, маңызды, алайда оған дайындық сенің күнделікті сабағыңа дайындалуыңа, хоббиіңмен шұғылдануыңа және демалысыңа кедергі келтірмеуі керек.

Жүктемені біркелкі бөлу үшін тақырыптар мен тапсырмалар кестесін, тексеру парағын жасап ал.

Отандық қана емес, шетелдік авторлардың да әдебиеттерін оқып, халықаралық олимпиадалардың тапсырмаларын орындап, машықтан.

# ТАЛАПТАН ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ



Біздің мектептің оқушылары қатысатын тізімдегі әрбір олимпиада, әрбір байқау жаңа жаңалықтар ашуға, шығармашылық, аналитикалық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді.

Осы байқаулар мен олимпиадаларға қатысу сенің ой-өрісіңді кеңейтуге, оқу пәндерін терең түсінуге және жоғары жетістіктерге ұмтылуға шабыттандыратынына сенімдіміз.

Талаптан және табысқа жет, жас дос!

Оқушыларға арналған беделді республикалық және халықаралық олимпиадалар туралы толық ақпаратты "ДАРЫН" республикалық ғылыми-практикалық орталығының <https://daryn.kz/> сайтынан, Астана қаласы әкімдігінің "Астана дарыны" дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы "МКҚК" <https://astanadaryny.kz/> сайтынан білуге болады.

# ТАЛАПТАН ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ



## **ҚЫРКҮЙЕК**

- Республикалық ғылыми жобалар байқауына өтінімдерді қабылдау;
- «Ақберен» өнер байқауы (8-11-сынып);
- IV Республикалық "Менің кіші Отаным" зияткерлік байқауы (9-10 сыныптар);
- "Алтын сақа" математикалық олимпиадаға өтінімдер қабылдау (5-6 сыныптар)
- 5-11-сынып оқушыларына арналған Мәшһүр Жүсіп оқуларына тапсырыс
- "Зерде" зерттеу жұмыстарының конкурсына өтінім (2-7 сыныптар);
- "Кенгуру-барлығына арналған математика" халықаралық ойын байқауы (1-10 сыныптар);
- Өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен «Тіл - тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасына тапсырыс (5-10 сыныптар);
- Ильяс Жансүгіров оқуларына тапсырыс (8-10 сыныптар).

# ТАЛАПТАН

---

## ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ



### ҚАЗАН

- "Алтын сақа" (5-6 сыныптар) математика пәнінен олимпиада;
- "Алтын сақа" (3-4 сыныптар) математика пәнінен олимпиада;
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадасына өтінімдер қабылдау (2-11 сыныптар);
- " Менің шағын Отаным" конкурсының I аудандық кезеңі (тест, 9-11 сыныптар);
- «Жас эрудит» олимпиадасына тапсырыс (математика, ағылшын тілі) (5-6-сынып);
- Мектеп олимпиадасы (2-11 сыныптар);
- Сәкен оқуларына тапсырыс (7-11 сыныптар);
- «Өркен» қалалық байқауына тіркелу;
- STEAM Олимпиада - білім берудегі инновация» қалалық олимпиадасы (5-11 сыныптар);
- «Жас эрудит» олимпиадасының мектепшілік кезеңі (математика, ағылшын тілі) 5-6-сынып;
- «Абай оқуларына» тапсырыс (8-11 сыныптар);
- 7-8-сынып оқушыларын аудандық олимпиадаға тіркеу.

# ТАЛАПТАН ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ



## **ҚАРАША**

- 2-7 сынып оқушыларына арналған "Зерде" балалар зерттеу жұмыстары мен шығармашылық байқауының қалалық кезеңі;
- Математика және физика пәндік олимпиадасы (7-11 сыныптар);
- "Алтын сақа" математика олимпиадасының аудандық кезеңі (5-6 сыныптар);
- "Алтын сақа" (3-4 сыныптар) математика олимпиадасының аудандық кезеңі;
- Қалалық «Жас эрудит» олимпиадасы (математика, ағылшын тілі) (5-7 сыныптар);
- «Бейімбетті білмек парыз» қалалық Б.Майлин оқулары (8-11 сыныптар);
- «Kazakhstan Spears Englis» ағылшын тілі олимпиадасы (5-8-сыныптар);
- 8-10 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық ғылыми жобалар байқауы;
- «Алтын түлек» олимпиадасы (10-11 сыныптар).

# ТАЛАПТАН

---

## ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ



### ЖЕЛТОҚСАН

- Идеялар, жобалар мен ғылыми ізденістер жәрмеңкесіне өтінімдер қабылдау (1-11 сыныптар);
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық олимпиада (7-10-сыныптар);
- «Сөз - ғажайып әлем» (3-4-сыныптар) қазақ тілінен сайыс;
- 9-11-сынып оқушыларына арналған лингвистикалық олимпиаданың іріктеу кезеңі;
- 9-11-сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада.

### ҚАҢТАР

- «Қадыр мұрасы» оқулары (8-11 сыныптар);
- «Есенберлин тағылымы» оқулары (9-11 сыныптар);
- Математикадан «Бастау» олимпиадасының іріктеу кезеңі (3-4-сынып);
- 9-11-сынып оқушыларына «Ана тілі» республикалық қазақ тілі олимпиадасы;
- "Алтын сақа" математика олимпиадасының (7-9 сыныптар) мектепішілік кезеңі;
- РКНП республикалық кезеңі (8-11 сыныптар);
- «Жыр алыбы – Жамбыл» конкурсы (9-11 сыныптар).

# ТАЛАПТАН

---

## ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ

### АҚПАН

- Математикадан «Бастау» олимпиадасының қалалық кезеңі (2-4-сынып);
- Идеялар жәрмеңкесі-2025 (1-11 сыныптар);
- Проесо экология байқауына өтінімдерді қабылдау 7-8 сыныптар;
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық олимпиадаға іріктеу (3-4 сыныптар);
- Математикадан «Бастау» олимпиадасының қалалық 2 кезеңі (2-4-сыныптар);
- Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (1-10-сыныптар);
- Әлихан Бөкейханға арналған «Ұлттың Ұлы тұлғасы» қалалық байқауы (9-11-сыныптар).
- Қалалық «Мақатаев оқулары» (8-11-сыныптар);
- 7-8-сынып оқушыларына арналған химия-биология пәндерінен қалалық олимпиада;
- 1-11-сынып оқушыларына арналған робототехникадан республикалық ғылыми жобалар конкурсы;
- 2-7 сынып оқушыларына арналған "Зерде " балалар зерттеу жұмыстары мен шығармашылық байқауының республикалық кезеңі.



# ТАЛАПТАН

---

## ЖӘНЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТ



### НАУРЫЗ

Ғафу Қайырбековтың шығармашылығына арналған қалалық «Ғафу – жыр, Ғафу – сыр» оқулары (8-10-сыныптар);  
Төлеген Айбергенов оқулары (5-11-сыныптар);  
8-11-сыныптарға арналған математикадан Сұлтанғазин олимпиадасы.

### СӘУІР

«Алтын түлек» олимпиадасының республикалық кезеңі (10-11-сыныптар);  
3-4-сынып оқушыларына арналған «Бала Абай» оқулары;  
Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада (5-8-сыныптар);  
Proeco қалалық экологиялық байқау (7-8 сыныптар);  
5-9-сынып оқушыларына арналған «Тарих ата» олимпиадасы;  
Қайым оқулары (8-10-сыныптар);  
Юниорлар олимпиадасы (7-8-сыныптар);  
«Nurorda Junior Olympiad» қалалық олимпиадасы (5-6-сынып).

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АЛАҢ



**Alpatmys мектебі - әркім өз қалауы бойынша қызықты іс таба алатын, өз талантын дамытатын және жаңа дағдыларға ие болатын шығармашылық алаң.  
Қызығушылық әлемінде жаңа көкжиектерді аш!**

Біздің мектепте сабақтардан тыс үйірмелерге, сондай-ақ әртүрлі бағыттар бойынша таңдау курстарына қатысуға болады: робототехника, екінші шет тілі, шахмат, спорт секцияларықыш өнері, хореография, домбыра, вокал, драма үйірмесі, жүзу және т.б. Іс жүзінде барлық қосымша сабақтар негізгі сабақтар аяқталғаннан кейін, түстен кейін басталады.

Осы үйірмелер мен таңдау курстарына қатысу үшін <https://www.alpatmys.edu.kz/> мектеп сайтына кіріп, «Оқушыларға» бөлімінде жазылуға болады. Сондай-ақ, сайтта үйірмелер, олардың кестесі, мазмұны мен орны туралы барлық қажетті ақпаратты таба аласың.

## **БҮГІНГІ БЕЛСЕНДІЛІК** **ЕРТЕҢГІ ЖЕТІСТІК**

Мектеп жобаларына қосыл, қолыңнан не келетінін көрсет.

Сенің әрбір әрекетің – табысқа жетудің қадамы. Бүгін әрекет ет, ертеңге шабыттан!

### **МЕКТЕП МЕРЕКЕЛЕРІ**

- Білім күні;
- "Тәтті кітаптар" фестивалі - «Tasty Books»;
- Аяз Ата мен Ақшақардың жаңа жылдық шеруі;
- "Әліппемен қоштасу";
- Наурызнама;
- X-Factor Alpamys;
- "Алпамыс алыптары" спартакиадасы;
- Соңғы қоңырау.

### **ЭКСКУРСИЯЛАР МЕН САПАРЛАР**

- Пәндік апталықтар шеңберіндегі экскурсиялар;
- ҚР Ұлттық мұражайы;
- "АЛЖИР" мұражай-мемориалдық кешені;
- Ұлттық ғарыш орталығы.

### **ЕРІКТІЛЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР**

- "Шарапат" әлеуметтік қызмет көрсету Орталығына бару;
- "Мен тірімін" жануарлар панасына бару
- "Мейірімді жүрек" - қайырымдылық қорларына жіберілетін заттарды, киімдерді, кітаптарды, ойыншықтарды жинау.
- Экологиялық сенбіліктер мен акциялар өткізу.



## **БҮГІНГІ БЕЛСЕНДІЛІК**

### **ЕРТЕҢГІ ЖЕТІСТІК**

#### **МЕКТЕПТЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ**

- Оқушылардың өзін-өзі басқаруы мектеп президенті басқаратын Мектеп Кеңесі арқылы жүргізіледі.
- Мектеп Кеңесінің құрамына төрт лиганың өкілдері кіреді.

**Алпамыс мектебінің лигалары** - бұл 5-11-сыныптар біріктірілген мектеп қауымдастығы. Лигалар табиғат күштерінің бірінің атымен аталады:

- Жер - 5а, 5 I, 7G, 9F, 9G, 11F
- Ауа - 5 G, 6 F, 7A, 8F, 9A
- Су - 5 H, 6 G, 7F, 8A, 10F
- От - 5 F, 6A, 6 H, 8G, 10F

#### **Мектеп Кеңесі мен лигалардың негізгі міндеттері:**

- Оқушылар мен мектеп әкімшілігі арасындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету.
- Мектеп іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.
- Оқушылардың бастамаларын қолдау және олардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

#### **Рөлдер мен жауапкершілік:**

- Мектеп президенті: Мектеп Кеңесінің қызметін басқарады, оқушылардың мүдделерін қорғайды, лигалардың жұмысын үйлестіреді.
- Лига өкілдері: мектеп жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, Мектеп Кеңесінде өз лигасының мүдделерін білдіреді.





## ЕГЕР АРМАНДАЙ АЛСАҢ — **ОРИНДАЙ ДА АЛАСЫҢ!**

Жаңа оқу жылы — бұл тек оқу ғана емес, сонымен қатар арманыңды жүзеге асыру мүмкіндігі. Тап қазір болашақта не істегің келетіні туралы ойланатын кез.

Мүмкін сен оқуда жаңа жетістіктерге жетуді армандайтын шығарсың, жаңа нәрсе үйренгің, үлкен арманыңа алғашқы қадам жасағың келе ме?

Жоспарлау күнделікті өмірде адаспауға, күн сайын мақсаттарыңа қарай кішкене қадамдар жасауға көмектеседі. Егер сенде нақты жоспар болса, өзіңді сенімді сезінесің және дұрыс бағытта келе жатқаныңды білесің.

Армандаудан және жоспарлаудан қорықпа!

Осы оқу жылын нақты мақсаттармен баста, сонда қаншалықты жетістікке қол жеткізе алатыныңа өзің де таң қаласың!

### **ҮЛКЕН АРМАҢДАР КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРДАН БАСТАЛАДЫ**

Ең асыл арманыңды жаз  
МЕНИҢ АСҚАҚ АРМАНЫМ

---

---

---

---

---

---

---

---

## ЕГЕР АРМАНДАЙ АЛСАҢ — **ОРЫНДАЙ ДА АЛАСЫҢ!**



### **МАҚСАТ - ДЕДЛАЙНЫ БЕЛГІЛЕНГЕН АРМАН**

- Арманыңды қандай нақты мақсаттарға бөлуге болатынын ойластыр. Егер сен спорттағы мансапты армандайтын болсаң, мақсаттардың бірі "тұрақты жаттығулар мен жарыстарға қатысу" болуы мүмкін.
- Мақсаттардың бірін таңдап, оны SMART-әдісі бойынша тұжырымда. Сенің мақсатың нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, сен үшін маңызды және нақты орындау мерзімі бар екеніне көз жеткіз.
- Арманыңның визуализация тақтасын жасаңыз. Сені шабыттандыратын суреттерді, сөздерді тауып, өзіңнің коллажыңды жаса. Бұл саған күнделікті мотивация болады!

### **МАҚСАТЫНА ЖЕТУГЕ ҰМТЫЛҒАН АДАМ ҒАНА ӨЗ ЖОЛЫН ТАБАДЫ**

Әр айдың басында қол жеткізгің келетін мақсатыңды жаз.

Қандай міндеттерді орындау керек?

Арманға жетуге қандай қадамдар көмектеседі?

### **ҚАНШАЛЫҚТЫ БАЯУ ЖҮРГЕНІҢ МАҢЫЗДЫ ЕМЕС, БАСТЫСЫ – ТОҚТАМАУ**


Әр аптаның соңында мақсатыңа жету үшін не істегенің туралы ойлан.

Не қиын болды? Келесі аптада сен қандай нәрсені басқаша істейсің?

### **ӘР КҮН – ЖАҚСАРУ МҮМКІНДІГІ**

Күн сайын не істеу керектігін жазып отыр. Бұл күнделікті істер ағымында адаспауға және әрқашан неге ұмтылу керектігін назарда ұстауға көмектеседі.






# МАЗМҰНЫ

ALPAMYS SCHOOL оқушысының анықтамалығы

Алпамыс мектебіне қош келдіңіз .....	3
Ұстаным, мектеп миссиясы мен құндылықтары.....	4
Мектеп тарихындағы елеулі оқиғалар.....	7
Мектеп логотипі.....	9
Жайлы орта .....	10
Мектеп формасы.....	11
Академиялық саясат .....	13
Alpamys School оқушысының міндеттері.....	14
Академиялық адалдық ережелері .....	12
Тәртіптік жауапкершілік.....	18
Ішкі тәртіп ережелері .....	19
Оқу тоқсандарының академиялық күнтізбесі .....	21
Оқу жетістіктерін бағалау.....	22
Мектептегі бір күн .....	23
Мектеп асханасының жұмыс режимі .....	24
Alpamys School түлегінің құзыреттілік моделі.....	26
Кімнің кім екенін біле жүр .....	28
Оқушылардың жобалау және зерттеу қызметі.....	33
Жас зерттеушілерге арналған жадынама .....	34
Қалай олимпиадасы болуға болады?.....	36
Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалардың күнтізбесі .....	39
Шығармашылық алаңы. Мектеп жобалары.....	45
Бүгінгі белсенділік - ертеңгі жетістік.....	46
Егер армандай алсаң - орындай да аласың.....	50



 +7 7172 72 56 56 +7 775 307 06 33

 [info@alpamys.edu.kz](mailto:info@alpamys.edu.kz)

 Астана, Қабанбай Батыр даңғылы 49/2